

Тауарларды Өзбекстан Республикасына экспорттау және тауарларды Өзбекстан Республикасынан импорттау кезінде қосылған құнға салынатын салықты қолдану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 қараша N 1662

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тауарлар экспортын ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Былай:

тауарларды Өзбекстан Республикасына экспорттауға қосылған құн салығы нөлдік ставка бойынша салынады;

тауарларды Өзбекстан Республикасынан импорттаған кезде қосылған құн салығы кедендік ресімдеу кезінде жалпы белгіленген тәртіппен төленеді деп белгіленсін.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.